


ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖУРНАЛ

# Ақ Жайыңк kz



#3/2014



жарык алемінің соғынан беріңінде тұтуп, ол  
код тақыя шілдердің екіншінде оған көзінен  
истігінде 249-ортаңда жаңа дәреке түрлерінің ішкүйенесуінің тәсіх 0-да  
ад-шілдердің зерттеуде пішінде олардың шартынан шынайда  
еттің қолданып жүргізу мүмкін болады. Болондай жаңа дәреке түрлерінің тәсіх  
шартынан шынайда 249-ортаңда жаңа дәреке түрлерінің ішкүйенесуінің тәсіх 0-да  
ад-шілдердің зерттеуде пішінде олардың шартынан шынайда

## Серік ЕРҒАЛИ:

# «ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ ҚАЖЕТІЛІГІ ҚАРІП АУЫСТЫРУДА ЕМЕС»

Қазақ әліпбійн өзгерту туралы дау сап тыылды. Десе де, қазақ әліпбійн өзгерту мәселесі өзекті екенін қоғам мойындаң отыр. Осы байланыспен қазақ әліпбійн дамыту саласында өзінің ерекше ұснынысымен көзге түсіп жүрген, қазақ тілін білу деңгейін бағалау стандарттын әзірлеуге қатысқан лингвист Серік Ерғалим мен сұхбаттасудың реті келді.

ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ МАНЫЗЫ ҚАРІП АУЫСТАРУДА ЕМЕС

- Қазіргі кезде тіл тақырыбының өзекті де, маңызды мәселесінің бірі - қазақ әліпбі. Бұл мәселенің шешімі әбден кешігіп, жүртты жалықтыра бастады. Бұқара, негізінен, биліктің шешімін күтіп отыр. Алайда өзіңіз секілді азаматтар бастамамен ауық-ауық шығып қоғамға әліпбидің өзектілігін жария етумен келеді. Жаңа әліпбі тұжсырымдамасын да жарияладыңыз. Сонда қазақ әліпбі қаншалықты маңызды әрі өзекті мәселе?

- Бұл сауалға қысқаша ғана қазақ тілінің әлі күнге төл әліпбій жоқ деген уәжбен жауап беруге болады. Бұған дейін қазақ әліпбій латындандыру мәселесін қойып жүрген бірқатар азаматтар бұл мәселенің түпкі байыбына бойламай келді. Бұл мәселені 2005 жылдан бері басқаша қюмен келетіндердің қатарындағы: қазақ әліпбійнің қаріпін латындандырудан бұрын күн тәртібіне қазақ әліпбій жасақтап, емлені реформалауды мақсат ету керек. Дәл осы ұстанымды белгілі қазақ фонология, филология ғылымдарының докторы Әлімхан Жұнісбек те ұстануда.

Егер біз қазақ орфографиясы мен орфоэпиясының орыс тілінен қаншалықты айырмасы жоқ екенін және бұл мәселенің тілімізге қаншалықты залалы барын үқсақ, онда көзіміз қазақ әліпбі дег жүрген кәзіргі әліпбидің қазақ тіліне қатысы шамалы екеніне анық жетеді. Сонда әңгімені қаріпке емес, маңызды нәрсе болып табылатын әліпбидің мазмұнына назар аударар едік. Қысқасы, қазақстандық қазақтар қолданып отырған кәзіргі әліпбі қазақ тіліне арналған емес, ең әуелі орыс тілін аман-есен жазуға ыңғайланған әліпбі екендігіне көз жетіп отыр. Осы әліпбимен біз 70 жыл бойы иттесіп келеміз. Өз тілімізді өгей тілдің жазу үлгісіне салып, өзге тілдің әлеуетін менгерумен әуреміз. Бұл ахуалды негұрлым созған сайын тілдің қауқарын әлсірете түсетінімізді неге сезбейміз?!

Шын мәнінде, қазақ тілінде сауатты жазып, барынша өз тілімізге жуық әліпбиді қолданып отырған қытайлық қазақтар екеніне көз жіберетін уақыт болды. Олар Ахмет Байтұрсынұлы дәйектеген төте жазумен өмір сүруде! Сондықтан да олардың тілі қытайشاға тәуелді емес, ал біздің тіл орысшаға бейім әрі соған барынша тәуелді. Тәуелді болғанда жазбаша да, ауызша да. Ақаңша айтқанда, біз «ит» деп жазып, «доңызды» оқып жүрміз! Әрі кеткенде 28 дыбысқа 42 таңбаны арнап, басымызды шыр айналдырып, тілімізді барынша күрделендіріп, емленің «есін тандырып», өзіміз де, өзге де шоштын халге жеттік. Мәселен, орыс тілі арқылы енген шетелдік сөздердің барлығы орыс тілінің орфографиясымен жазылып, сол тілдің орфоэпиясымен дыбысталып жүргеніне мән бермей отырымыз. Бірақ қазақ тілінде орыс тілінің заңдылығымен шетелдік сөздерді тұтыну турасында бірдей бір ереже жоқ. Сонда бұл тіліміздің грамматикасының осал тұсы емес пе? Сонда заңсыз түрде өгей тілдің ережесімен қазақ тілі неге отырып-тұрады? Бұдан артық әліпбиге негізделген тіл мәселесі өзекті бола ма?! Қысқасы, кәзіргі әліпби қазақ тілінің емес, орыс-қазақ тілдерінің ортақ әліпбі. Дүние жүзінде екі тілге ортақ әліпбі бар дегенді естідіңіз бе? Ендеше бір мемлекеттің тілі болып отырған қазақ тілінің төл әліпбі қашан және қандай болуы керек деген мәселені төтесінен қойып, оған ғылыми әлеуетті жұмылдыратын уақыт болды ғой. Себебі жыл сайын 1-сыныпқа барған мыңдаған қазақ бүлдіршіндер өз тілін өгей әліпбимен оқуды қолға ала берсе, не болады? Оның нәтижесі кәзір де біліне бастады: сабактан тыс кездегі қалалық қазақ мектептеріндегі қарым-қатынас орыс тіліне көшуде. Ал мұғалімдердің тілінің шұбарлығына қарап, «шалаказахский языктың» о жақ, бұ жағына жеткенімізге көз жетіп, көңіл тұнжырайды.

### *- Ахмет Байтұрсынұлы емлесіне қалай қарайсыз, неге сол емлені жалпыластырмасқа?*

- Ол кісінің араб қаріпті төте жазу әліпбін түзгеніне биыл – 101 жыл. Былтыр бір ғасыр болды. Бұл қазақ халқы тарихындағы айтулы оқиға. Бірақ оны атап өтерлік арынды қымыл болмады. Ең болмаса сол оқиғаның құрметтіне әліпбімізді түзеп аларлық шешім қабылдаған жөн еді...

Кәзіргі 42 әріптік әліпбиден орыстың артық әріптерін алғып тастасақ, 100 жыл бұрынғы Ахмет атамыздың емлесіне қайтып ораламыз. Алайда оған біздің кәзіргі тілдік орта сәйкес емес, бір ғасыр бұрынғы қазақ тілді ортадан бүгін әлдеқайда басқа лингво-орта қалыптасты. Кәзір «вагонды» – таза қазақша «бәгөн», «Васяны» «Үәсіе» деп жазып көрші, қазақстандық қазақтар тұтіп жеуге әзір.

Оның үстінен кәзіргі қазақ тілі әлемдік терминологиямен кіркіті, тіл өгей дыбыстарды қабылдалап, оған жазуды икемдеп жіберді, емле жағдайы күрделенді. Мұның бәрін ескермей, тілді әсіреүлтүшілдау – бір ғасырға кейін шегінумен бірдей, тілді тұтынушылар оны қабылдай қоймайды. Бір жағынан, тіл – үнемі өзгерісте болатын жанды ағза, соны ескеруіміз керек. 100 жыл бұрынғы емлеге біз орала алмаймыз. Ол қытайлық қазақтар арасында мүмкін де, орыстың емлені сіңіріп, лингвистикалық деформацияға ұшыраған қазақстандық қазақтар үшін мүмкін емес.

Алайда Байтұрсынұлы емлесі бүгінгі қазақ тілінің жазуына іргетас болғаны рас, енді соның қабырғасын қырнап, түзеп, қайта қалайтында жағдайдамыз. Соңғы 25-30 жыл бойғы қазақ емлесі сөздің қандай нұсқасы бұқараның жазуында қалыптасса, соны заңдастыруға негізделген. Яғни орфографиялық сауаттың жүгені түрулі кетіп отыр. Емленің теориясы жазу машинына тәуелдене түскен. Міне, осы ахуалды қолға алу керек. Сол үшін де Байтұрсынұлы емлесінің өзін болмаса да тұрғысын (принципін) қайта қолға алғанымыз жөн болар еді.

## ОРЫС ТІЛІНЕҢ КЕК АЛЫП КЕРЕК ЕМЕС

- Емле реформасын жасау жолдары қандай?

- Біріншіден, қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалайтын әліпбі қажет. Екінші сатыда шетелдік кірме сөздерді жазу емлесін ойластыруымыз керек. Кез келген кірме сөз қазақ тілінде тұтынысқа түсетіндіктен, ол қазақ тілінің лексикалық қорын байытатын тілдік бірлік қана емес, одан бас тарту да, құтылу да мүмкін емес. Тек қана оның тілге икем қолданысын қарастырып, аузыша әрі жазбаша тұтыныстың форматын нақты белгілеп, ережелеп, грамматиканың бір бөлігіне айналдыруға мәжбүрміз. Бұл барлық тілдер бастан кешіп отырған жайт. Мәселен, ағылшын тіліндегі бір дыбыстың бірнеше таңбалық сыйағының (аналог) болуы ежелгі латын, грек тілдерінен енген сөзді ағылшынша әріптермен жазудың мүмкін болмауынан туындаған. Біз де бұл жағына мән бермесек, тілді мансұқ ететін жағдайды қордаландырып аламыз.

Алайда бұған дейін қалыптасқан әлемдік сөздерді тек қана орыс тілі арқылы енгізу салдарын жоюды қолға алу керек. Бұл – орыс тілінен кек алудың реті емес, ағылшын тілінің қазақ тіліне барынша жақындығынан. Орыс тілінен кек алып керек емес. Орыс тілінің қазаққа белгілі бір деңгейде қылған қызметтің жоққа шығару қыын. Алайда орыстанған «инвестиция», «эволюция» сөздері ағылшын тілінен енгенде, қазақша «инвестмент», «еволушн» түрінде жеңіл жазылып, оңай (инбесмент, еболушн) айтылар еді.

Әлімхан ағамыз ұсынып жүрген Байтұрсынұлы түгендереген қазақ дыбыстарын таңбалайтын әріптермен бірге әлемдік сөздерді бүрмаламай әрі тілге икемді жа затындағы В, Ф секілді әріптерді таңба ретінде қабылдағанымыз жөн. Әріп ретінде емес, таңба ретінде! Яғни, бұл таңбалар белгілі бір дыбысты білдіретін әріп емес, таңбаның орнына ғана жүрүі керек. Таңба ретінде енгізсек, сонда олармен бірге тілге бүралқы дыбысты енгізбейміз, транскрипция үшін таңбасын пайдаланып, ал айттым үшін соған сәйкестенген өз дыбысымыздың орнына өгей дыбысқа жол бермейтін боламыз. Бұл – әлемдік тәжірибе, ағылшын тілінде бірдей дыбысталатын фонемаларды алуан түрде әріптермен таңбалуа осындай талаптан шығып, орнықсан. Бұл – тілдің орфоэпиясына қойылған шекара деген сөз. Олай болмаса, кәзіргідей дүбәрә, ортақ әліпбиді тағы да туыннатамыз. Мысалы, «орфография» деген сөз қазақ әліпбімен «орфография» түрінде жазылып, «орпография» түрінде айтылар еді. Кәзір мұны орысша солай жазып, орыс айттымымен «арфография» деп жүрміз. «Вагон» деп жазғанмен, «багон» деп оқуды қолға алсақ, тілдің әлеуетін әлсіретпей, басқа тілге бағындырмай, дамытуға мүмкіндік туады.

- Онда орыстың тағы да біршама әріптері қойдай тоғытылып, кіріп кетеді ғой!

- Жоқ! Жоғарыдағы мақсат үшін 2-3 таңба ғана жеткілікті, мысалы: Ц – с/тс; Ч – ш/тш; Щ – шш; Я – йа, йә; Ю – ыйу, ійу; Ѓ- йө, йо; Э – е; Ҥ – х түрінде жазу мүмкіндігі бар, қалғанын шұбыртып қажет емес.

Қысқасы, қазақ әліпбінің жеңіл әрі сауатты жазылуы мен дыбысталуын барынша қарапайым, оңай әрі тілге тән қағидаларды рәсімдейтін толыққанды тұжырымдамасын қолға алу керек. Бұл тұжырымдама қазақ тіліне тән жазыл мен айттым үдерістерін бір-біріне мейлінше бауырластырған әліпбилік жүйені қамтығаны жөн.

Сөйтіп, мұндай әліпбі жасақтау арқылы біз бүгінгі заман талабы болып отырған барынша оңай жазу мен жеңіл оқылатын, дыбысталатын тілдің мүмкіндігін аша-

тын реформаны қабат қолға алуға мәжбүрміз. Бұл реформа – науқандық емес, пайдалы үдерістік сипатта жүрсе, ешбір қыныңдыққа душар етпейді. Содан кейінгі кезекте қарып таңдау өзінен өзі шешіледі. Ең бастысы, тілдің лингвистикалық жағынан басқа тілдерге тәуелсіздігін қамтуымыз керек, әйтпесе қазақ тілінің құны мен қадірі кетіп, оны тұтынушылар өзге тілдің аумағына оп-оңай көшеді. Сол үдеріс астыртын түрде болып жатқанын біз сараптамай отырмыз.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БІТЕУ ЖАРАСЫ – ЕМЛЕДЕ!

*- Сонда кәзіргі латындандыру мәселесі басты емес, кейінгі пландағы мақсат болғаны ма?*

– Шын мәнінде біз кәзір қаріпті ауыстыруға басым назар аудару арқылы тілдің аса тереңде күрделі ахуалын шешуді жайына қалдыратын түріміз бар. Шындығына келгенде, қаріпті ауыстырумен шектелу тілдің қордаланған мәселесін толық шеше алмайды да, шешілмеген лингвистикалық мәселелерді ушықтырып жібермек. Сондықтан қаріп ауыстыру – қазақ тілі үшін екінші пландағы нәрсе. Кәзіргі ахуалға байыппен қарасақ, қазақ тілінің бітеу жарасы – емле!

Біз жазу реформасын қаріпті латындандыру үшін емес, керінше латындандыру науқанын біз тіліміздің жазу мәдениетін реформалау үдерісіне көндіруіміз керек. Сонда бұл істің үстірт сипаты болмайды, нәтиже барынша пайдалы, тиімді болмақ. Және де лингвистикалық бұл әрекет саяси науқан мен құрғақ насхаттан ада болып, діттеген мұратқа дөп жететін боламыз. Әйтпесе, кәзір 40-тан астам латын әліпбій әзірлеп отырған авторлардың көпшілігі қазақ тілінің мәселесін қаріпті латындаумен ғана шеше қоямыз деген жаңсақ пайыммен жүр. 42 әріптің бесеуін-ақ қысқартып, орфографияны қайта елестетіңізші, соның өзі қанша нәрсенің бұрынғыдан басқаша өзгертуге мәжбүр ететініне көз жетеді. Қазақ тілінің мәселесі – қаріпке ғана тіреліп тұрған жоқ, орфографиялық тұйыққа тірелу, орфоэпиялық былышқа кенелу арқылы мәселе қордаланған. Сондықтан қаріп ауыстыру саяси науқан емес, тіліміз үшін ең алдымен сәті түскен реформаның сылтауы деген дұрыс.

## ҚАТЕРЛІ КӨПІРДЕН ӨТУ ӘДІСІ

*- Алайда бұл мақсат қаріпті латындаудан аса күрделі секілді...*

– Дұрыс байқадыңыз, мәселе шынында да күрделі. Алайда қалауын тапсаң – қар да жанады. Бұл реформаны, меніңше, екі сатыда жүргізген тиімді. Бірінші сатыда кәзіргі кирилше орыс-қазақ әліпбиден таза қазақша-кирилше аралық әліпбі әзірлеп, соған көшу арқылы реформаны баянды ету.

Бұл қоғамды толық есептегіретпейді, қайшылық пен қарсылық туғыза қоймайды. Бірақ көзтаныс кирилше қаріппен төл әліпбі мазмұнын жасақтап аламыз; емлесін тазартып, тілге сіңіреміз; орфоэпиясын қазақылаймыз да, реформаның ең күрделі бөлігін оңай атқарып аламыз. Бұл шамамен 42 әріпті 10-12-ге қысқартуға итермелейді, орысша-қазақша дүбәрә жазым таза қазақша сипатқа түседі. Бұнымен бірге, қазақша таза жазуға, таза дыбыстауға қарсы қалыптастаныс орысшыл әлеуметтік психологияны қазақ тілінің пайдасына жығып береді. Сөйтіп, кирилшенің зиянын пайдаға айналдырамыз. Келесі, екінші сатыда қаріпті айырбастап, түпкілікті әліпбі реформасын аяқтауға болады. Сөйтіп,

бірінші саты арқылы басты реформаны кәзіргі кирилше (оны мамандар латын-грек әліпбі атап жүр) негізде жасақталған әліпбимен жүріп өтеміз.

Ал егер орфографиялық әрі орфоэпиялық реформа мен қаріп реформасын қабаттастырысақ, тіл тұтынушы психологиялық, әлеуметтік, саяси жағынан есептіреп, саботаж бер қарсылыққа душар боламыз. Бірден латын әліпбимен қабат жазу реформасын қолға алсақ, тұтынушы санасын тұйыққа тіреуіміз мүмкін. Ал қазақ тіліне керек емес **Ь, Ъ, Я, Ю, ё, Э, Ц, Ч, Щ, И, Ң**, Х секілді артық әріптерді қысқарту арқылы ескі қаріппен емлемізді жаңғыртып алу барынша жеңіл жүрмек. Қысқасы, реформасыз қаріпті ғана айырбастау мүмкін емес! Қалай болғанда да біршама қағида мен ереже өзгеріске түседі, тілді тұтыну форматы өзгереді, бұл дегеніміз – бәрібір реформа. Біз кәзір қазақ тілін орыс тілінің ықпалымен ғана қолданып жүрсек, бұдан әрі тәуелсіз лингвистикалық жүйеге көшкен қазақ тілін тұтынатын боламыз.

### **- Емле реформасының нағијесінде қандай жазуға ие боламыз?**

– Сауатты жазуға оңай, ережелері қарапайым әрі орындауға жеңіл, қайшылығы жоқ, бүралқы ережеге бағынбаған емлеке ие болуды мақсат ету керек. Сонын айтЫМ мен жазымының арасы барынша жақын болғаны абзап: «итті» жазып, «доңызды» емес, «итті» окуымыз керек. Кәзіргі заманда тіл неғұрлым жазу мен айтуды қолдануға жеңіл болса, соғұрлым үйренуге оңай болады да, оның үйренушілері көп болады. Біздің тап кәзіргі арманымыз – қазақ тілінің ортасы мен ауқымы тез арада кеңітіндей жағдай ғой. Жазу реформасы соған қол жеткізетіндегі болуы керек.

Реформа қысқа мерзімде атқарылғаны жөн.

### **- Сонда аралық әліпбі мен түпкілікті әліпбидің арасын қанша уақыт қамтуды мүмкін?**

– Аралық әліпбиді қалыптастырып сіңіруге бас-аяғы 2-3 жеткілікті. Ал түпкілікті латын қаріпті әліпбиді сіңіру 5-7 жылдан артық мерзімге созылмайды. Кәзіргі математикалық қамтымаларды қолдану арқылы түрлі программалармен тұтынушыны қолдайтын мүмкіндік пайда болады. Тіпті ақылды саймандардың бәріне жаңа емлеке негізделген орфографиялық сөздік салып қояны емес. Мәселен, қолданушы компьютердердегі Word құжатында мәтін тере бастағанда, оның дұрыстығын тексеретін **Дұрыс жазу тексермесін (ДЖТ)** кеңінен қолданысқа енгізуға болады. Үкіметтің қаулысымен елде сатылатын барлық компьютер атаулыға қазақ тілін қолдайтын қамтымалардың қоса журуін міндеттеген жөн. Бұл – әлемдік саяси тәжірибе.

Ал, бір өкініштің сол, біз кәзір жаңа әліпбиге дайындаған нәрсеміз бар болғаны 30 шақты латын қарпі ғана. Бұл жаңа әліпбиге көшуге жеткілікті ресурс емес! Кәзіргі 42 әріппен көшпейтініміз белгілі, демек, емле өзгереді деген сөз. Енде-ше соған сәйкес емле ережелері, тіпті жаңа әліпбиге негізделген электрондық орфографиялық сөздік қоры да дайын болуы керек. Осының бәрі болмаганинан кейін билік біржақты шешім қабылдауға жүрексінуде. Ғылыми лингвистикалық ресурс барынша осал әрі солғын тартып отыр. Бұған қоса, әзірліктің осалдығын бұқара да сезіп, түрлі алып-қашпа сөздің көбейінде содан. Бұл мәселе неғұрлым кешуілдеген сайын біздің тіл мәселесі қордалып, шешуге қажетті мерзім барынша азая түспек, сейтіп уақыт тарапынан ұтылады.

### **- Жаңа әліпбиді енгізу барысында нені ескерген жөн?**

– Әуелі барлық мәселені тыңғылықты түрде ғылыми ортада шешіп алу керек. Барлық тұжырым мен пайым тек қана тілдің табиғаты мен қажетіне сәйкес

критериймен қабылдануы тиіс. Сосын жаңа әліпбиді енгізуге керек барлық ресурс пен әлеуетті әзірлеп алып, сенімді түрде батыл құмылдағанда ғана ешір апатқа ұшырамай, мақсатқа аман жетеміз. Және де жаңа әліпбиді қолданатын ортаны алдын ала анықтап алған абзал, менің ойымша, көзіргі егде жастағылар үшін жаңа әліпби маңызды еместігін ашып айтқан жөн. Оларды қинамай-ақ, тек қана жас үрпаққа сүйеніп, бар жағдайды соларға бағыттау керек. Қысқасы, жаңа әліпби қазақ тілінің келешегі екендігін басын ашып алған жөн. Себебі үл мәселені кешеуілдетіп, барынша бөгет болып келген – әлгі жасамыс үрпақ. Кешеуілдегеннен үтқанымыз шамалы, жазу реформасы үшін дәйекті уақыт алға тартуда. Бір ағамыз күні кешеге дейін «Ана тілі» газетінде кирил әліпбииң ақтауға жанын салып, жаңа әліпбиге барын сала қарсы болып келді. Ал жағдай болса басқа нәрсені көрсетіп отыр.

**– Қазір интернетте кирилше мен төте жазу арасында кедергі болмай бара жатыр, олай дейтінім: қазір [www.elarna.com](http://www.elarna.com), [www.senkazakh.com](http://www.senkazakh.com) сайттары екі қаріппен бір уақытта мәлімет алмаса алатын дәрежеге жетті. Үл туралы білесіз бе, білсеңіз, қалай ойлайсыз?**

– Үл туралы білем, бірақ төте жазу менің қолданысымда болмағандықтан, ол мүмкіндікке қол артпағаным рас. Оған тек қана төте жазумен отырған Шығыстүркістандық қандастарымыз ғана мәжбүр болып отырған болар. Бірақ бір үлтқа екі әліпби, екі қаріп көптік етеді. Ол бәрібір тілдік шекара болып табылады. Уақытша өтпелі кезеңге ғана мұндай мүмкіндік керек. Үл – екіге бөлініп екі мемлекет құрап отырған корейлер секілді жағдай. Интернеттен басқа ортада қалай ұғысамыз?

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ФЛЕКТИВ ӘЛІПБИ ЕМЕС, ҮНДЕСТІК ӘЛІПБИ КЕРЕК**

**– Секе, сіздің қолайлы емле турасындағы мақалаңызбен таныспын. Сол жайында оқырманға үқтыра әңгімелесеніз.**

– Ол жоба мынадан туындағы. 2000 жылдардан бастап, мен де латын қарпімен ауырғандардың бірімін. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Құдайберген Жұбановтың еңбегімен таныса жүріп, көзіргі әліпбидің қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтінін аңдадым. Қазақ тілін қолайлы емлемен қамту үшін оған табиғатына сай сипатты әліпби керектігіне көзім жетті. Қазақ тілінің жазу тарихында оған барынша сәйкестеу болған – ежелгі түркі Орхон-Енесей жазбасының түрғысы (принципі). Әлем тілдері, негізінен, үш түрлі сипатқа топталған: **флектив (үншең) тілдер** – үндіеуропалық тілдер жатады; **агглютинатив (буыншан) тілдер** – үлардың ішінде түркі тілдері бар; **корневой (тубіршен) тілдер** – қытай тілі жатады.

Көзіргі кирилше әліпби флексив тілдер түрғысына негізделген: әр фонемаға бір таңба принципі көзделген. Үл түрғы, негізінен, орыс тілі сектілді үншең тілдерге мейлінше сәйкесетін әліпби жасақтауға қолайлы. Флексив тілдердің басты белсенді лексикалық бірлігі – үнше (фонема), сондықтан ондай тілдерді жазу үшін әрбір үншені таңбалauғa тұра келеді. Оңтүстік-шығыстағы жүрттардың көпшілігі **тубіршен тіл** қалыптастырған: тілдің белсенді бірлігі тубір сөз болып табылады, оны идеограммамен (иероглиф) таңбалau қолайлы. Ал қазақ тілі флексив емес, **буыншан**, агглютинатив (жалғанбалы) тілдерге жатады. Сондықтан мұндай буыншан тілдерді жазуда дыбысшаң-флексив тілдерге тән әрбір үншені таңбалau тиімсіз.

Дәл сондай жағымсыз да күрделі мәселе бүгінгі қазақ тілінің жазымында аяқ алып жүргісіз болып отыр. Қазақ тілі флексив сипатты орыс тілінің тұрғысына негізделген әліпби тұтынуға мәжбүрленген. Тіл білім саласының тұңғыш қазақ профессоры Құдайберген Жұбанов қазақ тіліне **сингармо (үндестік)** әліпби қажеттігін мәселе етіп қойған еді. Сол мәселе күн тәртібінен түскен емес, өкінішке орай, тілімізге барынша тән әліпбиге тәуекел етпей отырмыз.

Ежелгі Орхон жазбаларында бас-аяғы төрт дауысты таңбаланса, қатар түскен дауыссыздар арасындағы дауысты дыбыстардың қандай екені буынның айтылуына қарай анықталады, және де, негізінен, буыншақ (микрослог) таңбаланған; яғни басы артық таңба жоқ, тілдің үйлесім заңына негізделген тұрғы бар! Бірақ мен мұны танудан бұрын, тіліміздегі Ы/I дыбыстарының табиғатын зерделеу арқылы көзіргі әліпби жүйесінің өгей екенін аңдадым.

Бұл **Ы** мен **I** дыбыстары тек қана дауысты **қысаң** дыбыстар емес, сондай-ақ сөздегі буынды жуандатуға (жіңішкертуге) қатысатын, яғни Үндестік заңын жузеге асыртатын бірден-бір үншелер (фонема) болып табылады. Жазғанда қазақ сөздерін сонша ішектей шұбалтып жүрген де осы екі дыбыс. Бұлардың бұл міндеттін ішінара **Ұ, Ү** дыбыстары да атқарады. Бұлар өзге дауыссыздарға былайша қосарлану арқылы буыншақтар түзе отырып, сөздегі буынды жуандатады не жіңішкертеді:

Енді осы заңдылықты мына сөздердің жазылуына салып бақылайық:  
**қы+a+лы+a** = қала; **кі+ө+ші+e** = көше;  
**A+ыл+мы+a+ыт+ы** = Алматы; **ы+сы+ры+a+ып** = ысырап. Мұндағы «**көше**», «**Алматы**» сөздерін көдімгідей, ал «**ысырап**» сөзін қысқартып жазуға болады: «**ысрап**». Өйткені, «ыс» буынынан кейін [Ы] дыбысы жазсаң да, жазбасаң да дыбысталады, бұл – үндестік заңының көрінісі. Сөйтіп, сингармо, яғни **буыншаң әліпби** құрылымында әдеттегі флексив әліпбидегідей дыбыстың атауы емес, дауысты үншелермен бірге, дауыссыз дыбыстардың Ы/I қысандарымен қосарланған буыншақтарын келтіруге тұра келеді.

## ЕКПІН СӨЗДІҢ СОҢҒЫ БУЫНЫНА ТУСПЕЙДІ!

– Осында **Үндестік әліпбимен** мынадай сөздер тізбегін былайша жазуға болады:

| № | ресми нұсқа                                       | жаңа нұсқа                  |
|---|---|-----------------------------|
| 1 | сөг{ic}   | сөгс                        |
| 2 | {шы}шар{ыл}{ым}                                   | шарлм                       |
| 3 | бас{ыл}{ым}                                       | баслм                       |
| 4 | {бі}р{ік}{ті}р{ін}ді                              | брктрнди                    |
| 5 | тұг{іс}кен  | тұгскен                     |
| 6 | {бі}л{іс}кен                                      | блскен                      |
| 7 | қанағаттанд{ыр}{ыл}мағанд{ық}тар{ың}{ыз}<br>д{ың} | қанағаттандрлмағандқтарңзың |

*Сөйтіп, буыншаң тілдерге сай келетін Үндестік әліпби арқылы жазылымның шұбалынқы сипаттын барынша қысқартуға мүмкіндік бар.*

Алайда, буыншақтағы **ы**, **і** үншелері мен дауысталатын **ы**, **і** дыбыстарын ажырату қажеттігі туындарды.

Біздің пайыммыз бойынша, мынадай үш жағдайда **ы**, **і** дыбыстарының буыншақтау қасиетінен гөрі дауысты дыбыс екендігі ажыратылады:

1. Сөздің басында дыбыстаратын **ы** мен **і** үншелері – дауысты: *ішік* – *ішк*;

2. Сөздің аяғында дыбыстаратын **ы** мен **і** үншелері – дауысты: *ескі* – *ескі*;

3. Сөз ортасында келетін тәуелдік жалғауының үшінші жағын білдіретін жалғау ретінде дыбыстаратын **ы** мен **і** үншелері – дауысты: *тіліміз* – *тліміз*; *еліміз* – *елімз*.

Бұл тұжырым тілдің үндесім заңын тұтынушыға мойындастып, оның сақталуын бекіте түседі.

**- Сонда жазуды қысқартудың қандай пайдасы бар?**

– Бұл – кәзіргі күннің басты да маңызды талабы. Мен келтірген тұжырыммен қазақ тілді мәтін көлемін 20-25%-ға кемітуге болады. Демек, соншалықты оны теруге, басуға кететін уақыт пен ақшаны да, басқа шығындарды да кемітуге болады деген сөз. Кәзіргі шыққан кітаптардың қалындығын бестен бірге жұқартып елестетіңіз, оны тасуға, орналастыруға кететін шығындар қаншалықты азаймақ! Бұл тұжырым экономикалық жағынан тиімді деген сөз, ал экономика бүгінгі өміріміздің басты диктаторы емес пе?! Бұл қасиет қазақ тілін алдыңғы қатарлы мүмкіндікке ие қылатыны өз алдына, басқа жалғанбалы тілдерге үстаз етпек!

Десек те, бұл тұжырым – болашақтың шаруасы, реформаға енетіндей бұл бастама теориялық жағынан пісіп-жетілуі керек. Дайын болғанның өзінде бұл тұжырымды қабылдауға біздің қоғам әзір дей алмаймын. Бұл – әзірге менің жеке бастамам ғана, бірақ зерттелуге жататын аса маңызды жайт. Сондықтан да Үндестік әліпбі – келешектің міндеті.

**- Қызық жайт екен. Бұл тұжырымыныңға лингвистер қандай пікір білдіруде?**

– Әзірге пікір барынша тапшы. Бұл тұжырым флексив емледен тілімізді тыс елестетпейтін қасаң көзқарас үшін де аса тың секілді. Кейбір сарапшылар ғана қарсы бір-екі дәйегін келтірді:

– бұл жазумен тасымал мәселесі қындарды;

– буын айқындалмайды, сөз буынға бөлінбей қалады... т.т. дегендей. Кәзіргі электрондалған заманда тасымал мәселесі тіпті қарастырылмайды, буын тасымалданбайды; қажет болса буынды толықтырып тасымалдай салуға болады. Ал буыншаң тіл үшін сөздің буындарын көрсетіп, санамалау қажет емес. Оны тек қана грамматикалық оқыту мен зерттеуде қарастырмаса, қарапайым жазарман жүрттың басын грамматикамен қатыру дұрыс емес, ол ғалымдардың шаруасы болғаны жөн. Бұндай бағыт алсақ, тілдің емлелік қағидасы біршама өзгеріске ұшырайтыны рас. Тіпті теорияны бірқатар қайта қарауға мәжбүрлейді. Себебі бізде қалыптасқан тіл қағидасы, көбінесе, буыншаң тілдің емес, үншең-флексив тілдің зандаудың талғажау етіп кеткен, содан тілімізді түбінде құтқару керек!

Мен ұсынып отырған Үндестік әліпбиді кәзіргі үрпақ қабылдамайтының білем, бірақ келешекте тіліміз аман болса, бұл тұжырымға жас үрпақтың таңдауы түсетініне сенемін.

**- Тілімізге қатысты қалыптасқан тағы қандай тұжырымға қарсысыз?**

– Біздің өзіміздің буыншаң тіліміздің қасиетін үншең тілге тәуелдегеніміз сондай, тіпті флексив тілдерге тән **екпін** мәселесін де қазақ тіліне қатысты қабылдан алдық. Шын мәнінде, агглютинатив тілдер үшін екпін мәселесі маңызды да емес,

өзекті де емес. Себебі біздің буыншаң тіліміз сөзді буынға түсетін екпін арқылы ерекшелемейді! Екпін мәселесі тілімізге тән емес, ол қасиет үншең тілдерге аудай қажет. «Екпін қазақ тілінде сөздің соңғы буынына түседі» дейтін қағида біздің тілге жат! «Ба[ла]» не «бала[лар]» сөзінің соңғы буынына екпін түсіріп айтыңызшы, болмаса әр сөздің соңғы буынына екпін түсіріп бір сөйлемді айтып көріңіш! Шамаңыз келер ме екен?! Ол қазақтың сөйлемі болмай шығады!

Шындығында, қазақ сөзінің барлық буынына екпін біркелкі түседі, соңғы буынға екпін түспейді, соңғы буын ерекше дауыс ырғағымен бітуі мүмкін. Эйтпесе, шұбатылған буындардан құралған сөзді тынысты тарылтпай, аман-есен дыбыстап шығу мүмкін емес. «Соңғы түйенің жүгі ауыр» дегенді қазақ соңғы буынға қатысты айтқан емес.

Біздің тіл үйрету әдістемесінің қалыптасқан қағидасында «қазақ тіліне тән тоғыз дыбыс» деген ауру бар. Сонда қалған дыбыстарды сатып алдық па, әлде жалдап жүрміз бе? Бұл да қазақ тілін үйрету үшін этalon есебінде орыс тілін алдып, соған қатысты, орыс тілінде жоқ дыбыстарды қазақ тіліне таңудан туған жасанды тұжырым! Керек десеңіз, қазақтың [E], [O] дыбыстары да орыс тіліндегіден ерекше дыбысталады...

Мұның барлығы да қазақ тіл білімінің флексив сипатты орыс тіліне теориялық жағынан да тәуелді екенін көрсетеді.

## ДАЛБАСА ТІРЛІКТЕН ДӘЙЕКТІ ІСКЕ БЕТ БҮРСАҚ...

- Саясатшы Петр Своик «Орыс тілі – әлемдік тіл. Бұл тілсіз Қазақстанда мемлекет басқару ісі әлсірейді» деді. Бұл туралы не айтасыз? Негізі бұл шындық па?

- Түрік тілі орыс пен ағылшынға сүйенбей-ақ мемлекетті басқартып отыр ғой. Әлемдік деңгейдегі технология менгерген корей тілі де елін азиялық барыстардың бірі етті! Сол секілді өзбек, түрікпен, әзер тілдері де орыс тілісіз болмаса басқа бір әлемдік тілсіз мемлекеттік мәртебені аман-есен атқаруда. Эзербайжан даму рейтингі бойынша әлемде 46-орында, біз 51-орындамыз. Ал мемлекетті басқаруга келсек, Қазақстанды басқарып отырған лауазымдар мен шенділердің кемінде 90%-ы – қазақ. Солардың бәрі өзара бір күнде қазақша қатынасып кетті дейік, сонда оның мемлекетті басқаруга қандай кесірі тимек?

Эрине, мәселе тіліміздің мемлекеттік жұмыс тілі болуында. Ол тілдік органың қаншалықты қазақ тілін менгеруіне қатысты. Тілдік орта ауызекі және жазбаша тілдік қолданыстан тұрады. Егер мемлекеттік қызмет саласында осы талаптар бойынша жұмыс жасалып, пәрменді міндет қойылса, 2-3 жылдың ішінде ешкімге байқаусыз-ақ қазақ тілді мемлекеттік қызметке көшіп кетер едік. Неге байқаусыз? Мемлекеттік дәліз берін кабинет тілі қазақ тілі болса, оны кім байқауы туи? Халықта шенділердің өзара қай тілде сөйлесіп, жазатыны маңызды емес, бұқараға керек ақпаратты мемлекеттік тілмен бірге басқа тілдерге де аударып беру көзделсе – жеткілікті. Қағаздардың бәрі қазақша болып, баяндама қазақша жасала береді және басқа тілдерге ілеспе аударма жүре береді. Яғни қазақ тіліндегі мемлекеттік қызметтің ауырталығы Своикке де, басқаларға да түспейді. Мәселен, соның қолға алынбауында болып отыр. Тіпті қазақ тілді қызметкер үшін орыс тілін мемлекеттік қызметке қолдануға душар етілген ахуал қалыптасқан.

Своиктің бір пікірімен санақтан жөн. Ол 2009 жылы Мұхтархан Тайжанмен пікірталаста: «20 жылдың ішінде қазақ элитасы тілге қатысты ештеңе тындыры-

мады, ең болмаса қазақ тілін ұлтаралық тіл деңгейіне көтеру керек еді», – дейді. Оның бүл сынына қосыламын. Мемлекеттік тілді дамыту Президент қорында істегенімде, мемлекеттік үйімдар мен мекемелер үшін **кірікпелі қостілдік** ахуал орнатуды ұсынғанбыз, оның мәні – қазақ тілін ұратын, бірақ сөйлей алмайтын орыс тілділер үшін, керісінше орысшаға шорқақ қазақ тілділер үшін өзара бір тіл емес, оларды бір-бірімен ана тілдерінде қатынастыру. Яғни сен үйімдағы жұмыс барысында қазақша сөйлей бересің, ал орыс тілді бауырың орысшасын қолдана береді, бастысы, бір-бірінді ұғасындар. Осы ахуалды Искжургізім тәжірибесіне де енгізуге болады, сонда бірте-бірте оны мемлекеттік тілдің пайдасына бұруға алғышарт жасалар еді. Көзір қазақ тілділер мемлекеттік қызметте тек қана орысша сөйлемеп, жазуға мәжбүрленген. Себеп – билік дәлізінде орыстілділер түсінбейді деген қағида орныққан. Ең болмаса, мемлекеттік қызметке қазақша сөйлемесе де, ұқпайтындар алынбауы керек қой. Қостілді елде біртілді адам мемлекетте неге қызмет етеді?

2009 жылы Ерлан Қарин мен Берік Әбдіғалиевтер Қарағандыға қазақ тілді қазақ емес 300 жасты жинап, форум өткізді. Сонда әлгі жастар қазақша сайрап, мемлекеттік қызметке бізді қашан аласындар деген мәселені төтесінен қойды. Бірақ ол Ерлан мен Беріктің қолында емес қой. Мәселе сол күйінде қалды. Своиктер осы жағдайды өз сөзіне арқау етіп, айта беретіні содан.

### **– Тілдік сана мен тіл саясаты неге бір мақсатқа бірікпейді?**

– Тілдік сана деген ғылыми сала бар. Өкінішке орай, ол – біздің ғылыммызында әлі қалыптаса қоймаған сала. Бүл ғылым бойынша, әрбір тілге сәйкес этностық сана қалыптасатыны, ұлттық идентификациялық ойлау қабілеті орнығатыны, оның негіздері сол тілдегі әдеби-мәдени мұралар екендігі дәйектелген. Ойлау жүйесі орнықпаған баланың бірнеше тіл логикасын тежейтіні де осы салаға тән айтылуда. Егер біздің ел осы ғылымға назар аударса, баланы 7 жастан бастап үш тілмен миын ашытуды қолға алmas еді. Қысқасы, біздің елде тілдік саясат ғылымға маңдай тіремеген, көңіл күй мен өтпелі дақпыртқа, желбуаз насиҳатқа негізделген. Біз неғұрлым тілдік саясатты ғылымға арқа сүйетсек, бүл салада мәселе соғұрлым тез, сырқаусыз шешіледі. Сонда өзімізді өзіміз алдаусыратып, фестивальмен уақыт оздырмас едік.

### **– Тіл саясатындағы тұйықтан шығар жол?**

– Шығар жол: тіл саясатындағы мәселелерді нақты айқындал, соның шешу жолдарының бәрін ғылыми негізде белгілеу мен заңдық құзырымен бекітуде. Бізде қазақ тілін үйрету әдістемесінің тілді үйрету мен оны бағалауды сабактастыра қарастырған әлемдік деңгейдегі жүйесі жақындаған «ҚазТЕСТ» орталығында пайда болды. Бұған дейін әр облыс, әр үйым, әр мекеме, әрбір әдіскер өз әдістемесін, оқулықтарын балалатумен келді. Олардың тиімділігін ешкім бағалаған емес, олардың нәтижесін бағалаудың мемлекеттік стандартын бекіттірді. Соның негізінде тіл деңгейін бағалаусыз үйрететін әдістемелердің тиімсіз екендігі мәлім болды. Яғни соңғы он жыл бойы шығын мен тілді үйрету біржақты түрде бағалаусыз жүріп келген. Біз осы мерзім ішінде жұртты тіл білу деңгейін бақыламай, оқыту беріпші!

Тығырыққа тірелудің тағы бір себебі – тіл саясатын әркім қолсұрткі қылып отырғанында. Елде тілмен айналысадын қыруар мекеме, органдар мен үйімдар бар, бірақ олардың ісі жүйесіз, кімнің немен шұғылдану керектігі айқындалмаған, ара-жігі ашылмаған. Мәселен, бір тіл басқармасы алады да мультфильм шығарады, біреуі балаларға арналған оқулық, әдебиет басады. Ал бізде баланы оқыту мен

тәрбиелу мәселесі Білім және ғылым министрлігінің құзырында, оның жергілікте бөлімшелерінде емес пе? Кино, мультфильм шығаратын «Қазақфильм» студиясы бар емес пе?! Соларға неге тапсырыс мемлекеттік деңгейде берілмейді? Тіл басқармасы шығарған мультфильмдер қандай сапаға ие?

Оның есесіне, ол басқармалар Тіл саясатымен айналысы керек, яғни мемлекетті басқаруға қажетті қазақ тілін қолдануды үйлестіруі керек. Тілдік ортадағы қазақ тілінің ықпалын қалай арттырамыз? Мемлекеттік қызметте қанша шенді іс жүргізеді, қанша бастық баяндама, есеп жаза алады, кім аузызекі сөйлейді, кім әдеби, ғылыми, іскери тілді менгерген? Соларды қолға алуы керек те, оларға қажетті құралдарды ғылыми түрде әзірлеуге міндетті білім мен өнер саласындағы мекемелерге тапсырыс берсе, жеткілікті. Сонда ғана әркім өз орнында міндеттін атқарады.

Жыл сайын қыркүйек айында өткізілетін Тіл фестивалі де Тіл басқармаларының міндеті емес. Ол қоғамдық үйымдар атқаруға тиісті үгіт-насихат деңгейіндегі шаралар ғана. Ал біз қазақ болып кеткен қазақ еместерді жиып алып, солардан шоу жасаймыз! Өзімізді өзіміз солай алдаймыз, ол кімге керек? Қысқасы, далбаса тірлікten дәйекті іске бет бұрсақ қана тығырықтан жол табамыз.

- Әңгімеңізге рахмет!

**Әңгімелескен Б. АХМЕТҰЛЫ**